

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АРШАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
САРЫОБА АУЫЛЫНЫҢ №2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ »
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛДАРЫНА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Сарыоба ауылы 2025жыл

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы «09»

қарашадағы бекітілген «2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы»

«Ақмола облысының білім басқармасының Аршалы ауданының білім бөлімі бойынша Сарыоба ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау жүргізді.

2024-2025 оқу жылының өзін-өзі бағалауды мектептің 2024 жылғы

« 27 » сәуірдегі № 253 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда бекітілді:

Комиссия төрағасы:

1) Даирова Г.С. мектеп директоры;

Комиссия мүшелері:

2) Орумбаева Ш.К. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

3) Амангелді М. - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

4) Бекежан Д. – комиссия хатшысы

5) Гамко И.В. – әдістемелік бірлестік жетекшісі;

6) Кузубаева Г.О. – мектеп психологы;

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, «Ақмола облысының білім басқармасының Аршалы ауданы білім бөлімі бойынша Сарыоба ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесінде бағаланатын 2024-2025 оқу жылы кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Кадрлық құрамға талдау :

Мектептегі әкімшілігі жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі

болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен мектеп Жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асыралады. Соңғы жылдары мектепке жаңадан қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған. Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының

саны қажеттілікке байланысты анықталды. Бүгінгі таңда мектепте 27 мұғалім бар, оның ішінде 3 сырттан келіп жұмыс істейтін мұғалімдер. Олар:

- 1) Орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Амандосова З.О. педагог – модератор, еңбек өтілі 5,5 жыл, 6 - сағат саны. 2,3,4 қазақ сыныптарына орыс тілі сабағын береді.
- 2) Бастауыш сынып мұғалімі Шукенова Н.А. педагог – сарапшы, еңбек өтілі- 9,5 жыл, сағат саны – 18. 2 - ші қазақ сыныбында сабақ береді.
- 3) Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Хурмет Л. педагог – модератор, еңбек өтілі - 19,5 жыл, сағат саны – 10. 5, 6 қазақ сыныптарында сабақ береді.

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:

	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар			жалпы
	Мұғалім саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Мұғалім саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	
2024-2025	5	4	1	22	19	3	27

2024-2025 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғары білімді мұғалімдер саны тұрақты деңгейді көрсетеді, жоғары білімді мамандар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі–80 %, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің өз бейіні бойынша үлесі – 95 % құрайды

Педагог кадрлардың жасы және еңбек өтілі бойынша құрамы

	Педагог қызметкерлердің жасы										жалпы
	20-30жас		31-40 жас		41-50 жас		51-60 жас		61-ден асқан		
2024-2025	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	27
	4	16	6	24	6	24	6	24	3	12	

	Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі							
	3жылға дейін		3жылдан 15 жылға дейін		16жылдан 25 жылға дейін		25жылдан жоғары	
2024-2025	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
	6	22	11	41	3	11	7	26

Педагог қызметкерлердің педагогикалық еңбек өтілі 15 жылға дейін – 41% көрсеткішті құраса, ал 25 жылдан жоғары еңбек өтілін 26% көрсеткішті құрайды. Мектепте жалпы педагог саны – 27, педагог-шебер – 0, педагог-зерттеуші – 3 (11%) , педагог – сарапшы үлесі –11 (41%), педагог -модератор мұғалім -7 (26%) , педагог – 6 (22 %)

Пәндер	Педагог саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	педагог
Қазақ тілі мен әдебиеті	3	1	1	1	
Орыс тілі мен әдебиеті	2		1	1	
Ағылшын	2			1	1
Бастауыш сынып	5		2	1	2
Тарих	2		1		1
География	2	1	1		
Химия	1			1	
Биология	1		1		
Математика	2	1	1		
Физика	1				1
Информатика	2		1		1
Көркем еңбек	1		1		
Дене шынықтыру	2		1	1	
АӘТД	1			1	

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Педагогтарды аттестаттаудың міндеті - педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудың перспективалық жоспары

№	Аты-жөні	лауазымы	Білімі санаты	Аттестатталған жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028
1	Ауғанбай Жұмай	Қазақтілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші				2025			
2	Зейнел Маратбек	География, биология пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші, педагог - сарапшы	2019, 2020			2025, 2025			
3	Даирова Гульнар Сапаровна	Қазақтілі мен әдебиетіпәнімұғалімі	Педагог-сарапшы	2019			2025			
4	Орумбаева Шынар Канатовна	Орыстілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы		2023					2028
5	Силам Еркежан	Тарих пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы	2020			2025			
6	Жұмай Айбек	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы	2020			2025			
7	Мүсілім	Математика пәні	Педагог-	2020			2025			

	Есенжан	мұғалімі	сарапшы							
8	Омир Аманжол	Физика пәні мұғалімі	Педагог						2027 (Жас маман)	
9	Абил Нургүл	Көркем еңбек музыка	Педагог-сарапшы			2024				
10	Шукенова Тамирис Канатовна	Тарих пәні мұғалімі	Педагог				2025 (модератор алды)			
11	Шукенова Назгуль Алиханқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы		2023					2028
12	Мухамет Клара	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы			2024				
13	Бекежан Самалгүл	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-модератор		2023					2028
14	Хаскарбай Кулнур	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог				2025 (модератор алды)			
15	Бекежан Даулетберди	Информатика пәні мұғалімі	Педагог						2027 (Жас маман)	
16	Гамко Ирина Викторовна	Биология, орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,	Педагог-сарапшы, педагог - модератор			2024	2025			
17	Сатыбалдиева Лаззат Амангелдиновна	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог-модератор			2024				
18	Шишкина Галина Степановна	Математика пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші	2019			2025			
19	Амангелді Майрагүл	Информатика пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы	2019			2025			
20	Хурмет Лена	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-модератор	2021ж				2026		
21	Кузубаева Гульмира Олжабаевна	География пәні мұғалімі, психолог	Педагог-модератор	2020			2025			
22	Жумабай Аяжан Муратқызы	Ағылшын тілі мұғалімі	Педагог					2026 (Жас маман)		
23	Саду Ержан Аскербекұлы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог-модератор	2019			2025			
24	Амантаев Темирболат Сайлаубекович	АӘД пәні мұғалімі	Педагог-модератор			2024				
25	Камалова Фарида Ержанқызы	Химия пәні мұғалімі	Педагог-модератор			2024				
26	Тасжурекова Алмагуль	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог						2027 (Жас маман)	

	Айтбаевна								н)	
27	Амандосова Зарина Олжабаевна	Орыстілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-модератор			2024				

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарынан өтуіне талдау.

Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырды. Курстар жүйесі арқылы біліктілікті арттыру мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру бірлестік жетекшілерімен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Осыған орай мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің білімдерін жетілдіріп және санат дәрежелері деңгейлерін көтеріп отыруларына көп көңіл бөлінді. Оның дәлелі төмендегі кестеде биылғы оқу жылында курстан өткен мұғалімдер саны көрсетілген:

Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес соңғы үш жылда біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер 2024-2025жыл.

	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7
2	Ауганбай Жұмай	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі»	Көкшетау қаласы (17.02.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсын	80 академиялық сағат	
3	Зейнел Маратбек	«Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту»	(24.02-07.03.25ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсын	80 академиялық сағат	
	Зейнел Маратбек	«Жаратылыстану және география мұғалімінің пәндік құзыреттілігін дамыту»	(13.05-24.05.24ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсын	80 академиялық сағат	
4	Даирова Гульнар Сапаровна	«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «қазақ тілі» және «қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін	(10.02-21.02.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсын	80 академиялық сағат	

		дамыту»				
5	Бекежан Даулетберди	«Информатика мұғалімінің пәндік құзыреттілігін дамыту»	(13.05-24.05.2024ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
6	Орумбаева Шынар Канатовна	«Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы в освоении сложных тем (5-9 классы)»	(29.05-09.06.2023ж)	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
7	Абил Нургүл	«Повышение проф.компетенции педагогов в сфере дизайна» Көркем еңбек	(21.08.2023-01.09.2023)	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
8	Кузубаева Гульмира Олжабаевна	«Развитие предметных компетенций педагогов: эффективные практики преподавания географии и естествознания»	(10.02-21.02.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
	Кузубаева Гульмира Олжабаевна	«Профилактика насилия в организациях образования»	(10.06-21.06.2024ж)	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
	Кузубаева Гульмира Олжабаевна	«Үздіксіз кәсіптік білім берудегі белсенді және жаңашыл оқыту әдістері» Музыка	(23.04-02.05.2025ж)	«BILIMGE ORLEU» үздіксіз кәсіптік білім беру орталығы	80 академиялық сағат	
	Кузубаева Гульмира Олжабаевна	«Глобальные компетенции. «Активные и инновационные методы обучения в непрерывном проф.образовании»	(12.05-23.05.2025ж)	«BILIMGE ORLEU» үздіксіз кәсіптік білім беру орталығы	80 академиялық сағат	
9	Силам Еркежан	«Қазіргі білім беру тенденциялары жағдайында тарих пәні мұғалімінің пәндік және кәсіби құзыреттілігін арттыру»	(28.02.2025 жылы)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
10	Амантаев Темирболат Сайлаубекович	«Развитие предметных компетенций педагогов-организаторов начальной военной и технологической подготовки(10-11 классы)»	(28.08-01.09.23ж)	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80академиялық сағат	
11	Шукенова Тамирис Канатовна	«Инновационные методы преподавания истории и основ права»	(10.02.- 21.02.2025ж)	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
	Шукенова Тамирис Канатовна	«Үздіксіз кәсіптік білім берудегі белсенді және жаңашыл оқыту әдістері» Музыка	(23.04-02.05.2025ж)	«BILIMGE ORLEU» үздіксіз кәсіптік білім беру орталығы	80 академиялық сағат	
12	Амангелді Майрагүл	Біліктілікті арттыру курсы «мектептегі информатика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	07.02.2025ж.	«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ » ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы	80 сағат	
13	Камалова Фарида Ержанқызы	«Развитие предметных компетенций педагогов: эффективные практики обучения химии и естествознания»	(10.02.- 21.02.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	

14	Жұмай Айбек	«Развитие предметных компетенций учителей физической культуры» физкультура	(23.03.2023-06.04.2023)	Мин.Просвещ.РК РГКП «Нац.науч.практич. центр физичес. культуры»	80 академиялық сағат	
15	Саду Ержан Аскербекұлы	«Развитие предметных компетенций учителей физической культуры» физкультура	(24.04.2023-05.05.2023)	Мин.Просвещ.РК РГКП «Нац.науч.практич. центр физичес. культуры»	80 академиялық сағат	
16	Хаскарбай Кулнур	«Урок в начальной школе: фокусы и стратегии улучшений»	(29.07.2024-16.08.2023)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	120 академиялық сағат	
17	Гамко Ирина Викторовна	«Развитие предметных компетенций учителей биологии. Трудные темы 10-11 классов»	(16.10.2023-27.10.2023)	«Өрлеу» «біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
18	Хурмет Лена	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі»	(28.02.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
19	Омир Аманжол	«Жаңа технологиялар менинновациялық әдістерді енгізу жағдайында физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	(12.05.2025 - 23.05.2025 жылы)	«BILIMGE ORLEU» үздіксіз кәсіптік білім беру орталығы	80 академиялық сағат	
20	Мухамет Клара	«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс- әрекеті»	(26.08.2024-06.09.2024 жылы)	«Өрлеу» «біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
21	Бекежан Самалгүл	«Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін арттыру»	(14.04.2025 - 25.04.2025 жылы)	Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы	80 академиялық сағат	
22	Жумабай Аяжан Муратқызы	«Развитие предметных компетенций учителей: эффективные практики обучения английскому языку»	(14.02.2025 жылы)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
23	Сатыбалдиева Лаззат Амангельдиновна	«Развитие предметных компетенций учителей: эффективные практики обучения английскому языку»	(18.04.2025ж)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80академиялық сағат	
24	Шишкина Галина Степановна	«Развитие предметных компетенций учителей математики в обучении сложным темам курса математики 10 – 11 классов»	(15.05.2025-26.05.2023)	«Өрлеу» «біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы	80 академиялық сағат	
25	Мүсілім Есенжан	«Развитие предметных компетенций учителей математики в обучении сложным темам курса математики 10 – 11 классов»	25.05.2025-07.06.2024)	«Назарбаев Зияткерлік мектенері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	
26	Шукенова Назгуль Алиханқызы	«Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін арттыру»	(12.05.2025 - 23.05.2025 жылы)	Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы	80 академиялық сағат	
27	Амандосова Зарина	«Формирование читательской грамотности на уроках русского	(12.08.2024-23.08.2024)	«Өрлеу» «біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	80 академиялық сағат	

	Олжабаевна	языка и литературы»		акционерлік қоғамы		
28	Тасжурекова Алмагуль Айтбаевна	«Развитие предметных компетенций учителей: эффективные практики в начальной школе»	10.02.2025-21.02.2024)	«Назарбаев Зияткерлік мектентері» ДББУ Педагогикалық шеберлік орталыты біліктілікті арттыру курсы	80 академиялық сағат	

Мұғалімдер біліктілік арттыру курсынан мектептің перспективті жоспарына сәйкес уақытылы өткен. Біліктілік арттыру курсы пәндер бойынша – 100 % (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаның "uzdik" бағасына сәйкес еледі).

Мектеп басшысының және орынбасарларының аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшы орынбасарларының аттестатталуы бойынша комиссия шешімдері қосымшаларға сәйкес бекітілген. облысы білім басқармасының Білім беру ұйымдарының басшысы, басшысының орынбасарлары берілген біліктілік санаттарына аттестатталды.

№	Тегі,аты,әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Лауазымдық еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік санаты
1	Даирова Гульнар Сапаровна	Мектеп директоры	6 жыл	Педагог-сарапшы	Басшы - ұйымдастырушы 2024
2	Орумбаева Шынар Канатовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	4 жыл	Педагог-сарапшы	Үшінші санатты басшының орынбасары 2024ж
3	Амангелді Майрагүл	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	17 жыл	Педагог-сарапшы	Үшінші санатты басшының орынбасары 2023ж

Мектеп әкімшілігінің оның ішінде басшы мен орынбасарларының үш жылда бір реттен сиретпей курстан өткен үлесі – 100%.

Білім алушылар контингенті:
2024-2025 оқу жылында 1-11- қазақ және орыс тілінде оқитын (аралас) сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырады.
Оқу жылының басында 21 сынып - 16 сынып комплектісі, оның ішінде 119 оқушы құрады.
1-4 сынып аралығында 47 оқушы, 5-9 сынып аралығында 61, 10-11 сынып аралығында 11 оқушы. (8 қосымша). Ағымдағы оқу жылында, 5 оқушы кетті. Оқу жылы соңында 114 оқушыны құрады.

№	Сыныптар	Сынып - комплектісінің саны	2024 – 2025 оқу жылының басында	2024 – 2025 оқу жылының аяғында
1.	1	2	10	10
2.	2	1	12	12
3.	3	1,5	12	11

4.	4	1,5	13	12
1-4 сыныптар –			47	45 -2
5.	5	1,5	6	6
6.	6	1,5	16	14
7.	7	1,5	19	19
8.	8	1,5	8	8
9.	9	2	12	12
5-9 сыныптар –			61	59 -2
10.	10	1	5	4
11	11	1	6	6
10-11 сыныптар			11	10 -1
Барлығы			119 человек	114 человек

1.Білім алушылар контингенті.

Оқу жылының соңында 1-11 сыныптарды 114 оқушы аяқтады.Оның ішінде:

- 1-4 сыныптарды -45 оқушы ол барлық оқушының 39% құрайды.
- 5-9 сыныптарда -59 оқушы , ол барлық оқушының 52 % құрайды.
- 10-11 сыныптарда -10 оқушы, ол барлық оқушының 9 % құрайды.

Жалпы мектеп үлгерімі -100%. 2024-2025 оқу жылың қорытындысы бойынша үлгермеушілер жоқ. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы- 63,4 %.

2024-2025 оқу жылында мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар 2 бала оқыды. Жеке оқыту 19.12.2022-25.05. 2025 жылы орыс тілінде оқытатын 4 Б сынып оқушысы **Гартман Руслан Сергеевич** үшін ұйымдастырылды, интеллектісі жеңіл бұзылған балаларға арналған Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың оқу жоспары бекітілді.

Берікболұлы Нұртлек, мемлекеттік тілде оқытатын 5 А сынып оқушысы, ол үшін оқыту мен тәрбиелеу ақыл-ойы орташа бұзылған балаларға арналған жеке бағдарлама бойынша жүргізілді.

2024-2025 оқу жылындағы жетістіктер:

№	Мұғалімнің аты жөні	Пәні/ іс - шара	Аудандық деңгей	Облыстық деңгей	Республик. Халықаралық деңгей
1	Каскарбай Кулнур	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып байқауы. «Ашық сабақ» Аудандық деңгей «Алғыс хат».	3 орын		
2	Тасжурекова А.А.	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып байқауы	2 орын		
3	Ауганбай Ж.	«Ауыл олимпиадасы»Айбек Еркеғали 11 сынып	1 орын	3 орын	
4	Силам Е.	1.«Ауыл олимпиадасы»Елеусіз	3 орын		

		Нұртілеу 9 сынып 2. «Менің Шағын Отаным» Табысхан Б.10 сынып	3 орын		
5	Жумабай А.М	Эссе байқауы Еркежан Айсауле 9 сынып.	1 орын Диплом (шығармашылық орталығы) «Алғыс хат» өзін -өзі басқару ұйымы		
6	Жумай Айбек	«Тоғыз құмалақ» 9-11 сыныптар. «Тоғыз құмалақ» 5-9 сыныптар.	3 орын 2 орын		
7	Саду Ержан Аскерханұлы	«Волейбол» Сарыоба орта мектебі	2 орын		
8	Даирова Г.С.	«Үздік менеджер» - 2024 МКШ	1 орын Аудандық кезен. «Мұқағали оқулары» Айбек Иманғали 7а сынып	1 орын Облыстық кезен. «Мұқағал и оқулары» Айбек Иманғали 7а сынып	
9	Өней А.			Өмірбек Бақытбол «Сертифи кат» Зерде ғылыми жоба облыстық деңгей	
10	Тасжурекова А.А.	«Алтын Сақа» олимпиада математика «Алтын тұғыр» олимпиада математикадан	1 орын Джамбум Мақсат 4б сынып Сертификат		
11	Мухамет К.	«Алтын Сақа» олимпиада математикадан	2 орын Табысханқызы Аяжан 3а сынып		

12	Хурмет Лена	Олимпиада 5-6 сынып қазақ тілі	2 орын Төлеу Ерназар 5 сынып		
13	Амантаев Тимур С.	Аудандық жарыс АӘД «Атыс»	1орын Сайлауов Нұргелді 11 сынып		
14	Амангелді М.	«Ақындар айтысы»	« Алғыс хат » Сарыоба ОМ№2 «Шебер сынып» Әдістемелік күн « Алғыс хат ».		
15		«Айқанат» 8 сынып олимпиадасынан екінші кезеңге өткен оқушылар: Бақытхан Ж.,Өмірбекұлы Б., Хумарбек Б.	«Сертификат» облысқа жолдама алды		
16	Зейнел М.	Олимпиада 9-11 сын. География	Төлеу Акерке 9 сынып 1 орын		
17	Жумабай А.М.	Олимпиада 9-11сын. Ағылшын тілі	Орумбаева Мадина 9 сынып 2 орын		
18	Ауғанбай Ж.	Олимпиада 9-11 сын. Қазақ тілі	Айбек Еркеғали 11 сынып 3 орын « Мағжан оқулары » 1 орын Берікбол Гауһар		
19	Сидам Е.	Олимпиада 9-11 сын. Олимпиада 7 -8 сын Қазақстан тарихы « Ашық сабақ » әдістемелік күн « Алғыс хат ».	Елеусіз Нұртілеу 9 сынып 1 орын, Сайлайов Нұргелді 11 сынып 1 орын Берикбол Гаухар 8 сынып 2 орын.	3 орын Елеусіз Нұртілеу Құқық негіздері	« Тарих ата » олимпиада 2 орын: Батыржанқызы Сезім, Сидам Ескендір, Хумарбекқызы Нұржамал, Айбек Иманғали, 3 орын: Өмірбекұлы Бахытбол, Берикбол Гауһар, Боранбаев Айбат.
20	Орумбаева	Олимпиада 9-11 сын.	Максутбек		

	Ш.К.	Орыс тілі мен әдебиет	Магжан 10 сынып 2 орын		
21	Ауғанбай Ж.	Олимпиада 7 -8 сын. Қазақ тілі. «Мұғалімнің тілінен жыр төгілген» Мұшайра «Абай оқулары»	Айбек Имангали 7 сынып 3 орын 1 орын Ауганбай Жұмай Өмірбек Бақытбол 3 орын		
22	Шукенова Т.К	Олимпиада 7 -8 сын. Қазақстан тарихы. «Ашық сабақ» аудандық деңгей «Алғыс хат».	Косоногов Артур 8 сынып		
23	Муслим Е.		«Ашық сабақ» аудандық деңгей «Алғыс хат».		
24	Кузубаева Г.О.		«Шебер сынып» Аудандық деңгей «Алғыс хат».		
25	Шишкина Г.С.		«Ашық сабақ» аудандық деңгей «Алғыс хат». «Алтын түлек» Табысхан Балдаурен 10 сынып 3 орын		
26	Гамко И.В.		«Ашық сабақ» аудандық деңгей «Алғыс хат».		
31	«Мың бала» 6А сынып оқушысы Бахытхан Жұлдыз «Мың бала» олимпиаданың жүлдегері.				
32	«Айқанат» олимпиадасының 2 кезеңіне өткен 8 сынып оқушылар тізімі: Хумарбек Балдырған, Бақытхан Жоламан, Өмірбек Бақытбол.				
33	Мұғалімдер арасында өткізілген аудандық дебат турниріне қатысқан үшін «Жалын» командасына «Алғыс хат»				

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары.

1.білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҰОЖ) сәйкестігі; Мектеп бағаланатын кезеңге өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына, Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарға арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 6-қосымшасы. 5-9 сыныптар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен 16-қосымша. 10-11 сыныптар үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы 21-22-қосымша.

Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мектеп директоры бекіткен ережелермен айқындалып отыр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 мыздағы №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин).1-11 сыныптарда, СанПин-ға сәйкес білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минут, үлкен үзіліс 2 сабақтан кейін 15 минуттық және 4 сабақтан кейін 15 минуттық 2 үзіліс бар. 15 минуттық үзіліс «Оқуға құштар мектеп» жобасына сәйкес қойылып отыр. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БжҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау:

2024-2025 оқу жылында сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру

ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы.

2024-2025 оқу жылында «Bilimklass» платформаларына мектептің жұмыс оқу жоспары үлгілік оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік - тақырыптық жоспарлар электронды түрде оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын пәндер бойынша толтырылды. Мектептің басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын электронды журналдың жүргізілу барысы тексеріліп, кемшілік жіберілген мұғалімдерге ескертіліп отырды. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі

2024-2025 оқу жылы бойынша бағалау нәтижесі. Жаңа оқу жылында жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 08.11.20212 жылғы и№500 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 жылғы №399 бұйрығы, ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысын, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығын, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы.

2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып жылдық жұмыс жоспары әзірленген. Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша жоспар әзірленген. Жоспар мазмұнында мектеп туралы ақпараттық-анықтамалық бөлімінде мектептің қолдануға берілген уақыты, жобалау қуаты және мекен-жайы, мұғалімдер мен оқушылардың жыл бойы халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі жеткен жетістіктер кестесі, өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға SWOT талдау жасалып, жұмыстардың сәтті-сәтсіз тұстары, мүмкіндіктер мен қауіптер зерделенген.

2024-2025 оқу жылына арналған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру бөлімінде өзекті мәселелер, зерттеу кезеңдері, циклограмма, пәндік-әдістемелік апталықтар, мектепшілік басқару және бақылау бөлімінде директор жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес жоспарлары көрсетілген. Оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім заңын, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы мемлекеттік бағдарламасы, білім саласына қатысты ережелер мен нормативті-құқықтық актілерді басшылыққа алу мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар оқу-тәрбие жұмысын психологиялық- педагогикалық және әдістемелік бақылау бөлімінде психологиялық қызметтің міндеттері, әлеуметтік-диагностикалық бағыттар, әлеуметтік алдын-алу бағыттар, әлеуметтік қорғау, әдістемелік бағыттар, ата-аналармен, медициналық қызметкерлермен, мектеп инспекторымен бірлескен жұмыстар, 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері, күтілетін нәтижелері, қосымша білім беру бағытындағы жұмыстар, құндылыққа негізделген тәрбие үдерісін модельдеудің жұмыс тұжырымдамасының жоспары көрсетілген.

Қорытынды: Оқу орнының жоспарында МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері көрініс тапқан деген қорытындыға келуге негіз бар.

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылы білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген. Үлгілік оқу жоспарын (өзгерістер енгізілген бұйрықтармен) басшылыққа ала отырып, жұмыстық оқу жоспары әзірленіп бекітілген. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2024 жылы ұсынған әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған.

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрық)

2. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы;

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрықтарын басшылыққа алынған.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес негізделген.

Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі жұмыстық оқу жоспарларының негізінде жасалған сабақ кестелері бойынша ұйымдастырылған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай игерілген. Пәннің мақсат - міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған. Оқу жоспарының мақсаты: стандартты оқу, оқу жоспарларының, бағдарламаларының орындалуын, оқу пәндерінің жағдайын бақылау, пәндердің берілу сапасын, мұғалімнің әдістемелік жұмыс деңгейін анықтау, педагогикалық мониторинг жүргізу. Мақсатқа сай жоспарланған жұмыстар мектеп кеңесінде, әдістемелік кеңесте, директор жанындағы кеңесте қаралған.

Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚД ДСМ-76 бұйрығы). Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. 2024-2025 оқу жылының 1-11 қазақ, орыс сыныптарының инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған.

Сабақ кестесі бойынша сабақтар I және 2 ауысым бойынша жүргізілген. I ауысымда 94 оқушы, 2 ауысымда 25 оқушы оқиды. Барлығы 16 комплекті оқиды. Бастауыш сыныпта бес сабақтан, негізгі орта мектепте жеті сабақтан, жалпы орта мектепте жеті сабақтан аспауына сәйкестігі сақталған. Білім беру ұйымындағы сабақ ұзақтығының 45 минут, уақытқа сәйкес келеді. Оқу сабақтарының кестесінде үзілістер бар. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып және қамқоршылық кеңес қаулысымен ұйымдастырылған.

Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестесі бойынша сабақтар I және 2 ауысым бойынша жүргізілген. Мектепте барлығы 114 оқушы, 16 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 45 оқушы (6 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптар – 59 оқушы (8 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптар – 10 оқушы (2 сынып-комплект).

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптары мен ЖББ Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында жүргізілген құжаттарды зерттеп қарау барысында оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті және инвариативті компонент сағаттары үлгілік оқу

бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылған. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары үлгілік оқу бағдарламаларына сай әзірленген. Оқу пәндерінің базалық мазмұны, сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталған. Күнделікті жоспарға сабақтың мақсат- міндеттері айқындалып бекітілген. Білім беру деңгейлері бойынша оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жасалған ұзақ мерзімді жоспар, (ортақ тақырыптар, ұзақ мерзімді жоспар бөлімі, бағдарлама бөлімшелері, оқу мақсаттары) орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспарлардағы құрылым талаптары сақталған. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген.

I оқу тоқсаны-57,1%, II оқу тоқсаны – 59,6 %, III оқу тоқсаны -59,4 %, IV оқу тоқсаны - 63,4 %,үлгермеуші оқушы жоқ. Білім сапасы төмен сыныптарға білім сапасын арттыруға қосымша дайындық кестесі жасалып, жұмыстар жүргізіліп келген.

2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы -45 минут, 1-сыныптардың оқу сабақтарының режим: қыркүйекте күніне 35 минуттан, қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес 45 минуттан өткізу жоспарланған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық техникалық базасымен кадр ресурстарын және білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілді.

Білім сапасы төмен сыныптарға бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және мектептің білім сапасын арттыру мақсатында әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары бекітілген. Мектепте оқушылардың білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Білім сапасын арттыруға қосымша дайындық кестесі жасалып, жұмыстар жүргізіліп келеді.Тоқсандық қорытындысымен білім сапасы төмен сыныптар педагогикалық кеңесте қарау, білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқылану және осы сыныптарға мектепшілік бақылау жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда орта білім беруде білім алушылардың метапәндік дағдаларын құндылықтарын қалыптастыруға және дамытуға, ерте кәсіптік бағдар беруге, инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылады. Тәрбие жұмысында басым бағыт баланың жеке басына тілектестік қарым-қатынас, балалардың құқықтары мен заңды мүдделілер қамтамасыз ету болып табылады. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілген, көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

2022-2025 оқу жылдарындағы білім сапасы

2022-2023	2023-2024	2024-2025
-----------	-----------	-----------

63,6 %	62,7 %	63,4 %
--------	--------	--------

2022-2025 оқу жылдарындағы 3 жылдық сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткішінің мониторингі

Сыныптар	2022-2023	2023-2024	2024-2025
2	83,3%	81,8%	75%
3	66,6%	78,5%	72,7%
4	68,7%	66,6 %	75%
5	61,9%	58,8%	50 %
6	50%	55 %	57,1%
7	58,3%	66,6 %	47,3 %
8	57,1%	58,3%	75%
9	57,1%	52,9%	66,6%
10	75%	50 %	100%
11	100%	66,6 %	33,3%
Барлығы	63,6%	62,7 %	63,4 %

«Қазақ тілі» пәнінен аралық емтихан нәтижесі 2024-2025 оқу жылы

класс	Количество учащихся	«5»	«4»	«3»	Качество знаний
5 А	5	3	-	2	60%
5 Б	1	-	1	-	100%
6 А	12	4	5	3	75%
6 Б	2	-	1	1	50%
7 А	16	2	5	9	43%
7 Б	3	-	2	1	66%
8 А	6	2	4	-	100%
8 Б	2	-	1	1	50%
10 А	3	1	2	-	100 %
10 Б	1	1	-	-	100%

9,11 сыныптардың мемлекеттік емтихандар нәтижесі 2024-2025 оқу жылы

Сыныптар	Оқушылар саны	Пәндер	« 5 »	« 4 »	« 3 »	Білім сапасы
9 А	11	Қазақ тілі	4	3	4	63 %
	11	Алгебра	3	4	4	63 %
	11	Орыс тілі мен әдебиет	6	4	1	90 %
	11	Таңдау пәні: география	4	6	1	90 %
9 Б	1	Орыс тілі		1		100 %
	1	Алгебра		1		100 %
	1	Қазақ тілі мен әдебиет		1		100 %
	1	Таңдау пәні: биология	1			100%
11 А	6	Қазақ тілі	2	4		100 %
	6	Алгебра	1	2	3	50 %
	6	Қазақстан тарихы	3	1	2	67 %
	6	Орыс тілі мен әдебиет	1	4	1	83 %
	6	Таңдау пәні: география, қазақ әдебиеті	2	4		100%

